
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-11.02-2023 30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	Бет 1-5

**«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ» РММ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
БОЙЫНША АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ
(ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР)**

Алматы 2024г.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-11.02-2023
		30.11.2023 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 2-5

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілді
2023 жыл
№ 4 хаттама




1. Жалпы ережелер

1. Осы Апелляциялық комиссия туралы ереже (әрі қарай - Ереже) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде әзірленді.
2. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихан тапсыратын талапкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында академия ректорының немесе оның міндеттерін атқаратын тұлғаның бұйрығымен оның төрағасын қоса алғанда, құрамы тақ мүшелерден тұратын апелляциялық комиссия құрылады.
3. Апелляциялық комиссияның құрамы мамандықтар бойынша академияның профессорлық-оқытушылық құрамының арасынан құрылады. Төраға апелляциялық комиссиядан оның мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.
4. Апелляциялық комиссияның дербес құрамы академия ректорының бұйрығымен бекітіледі және оның төрағасы айқындалады..
5. Апелляциялық комиссия мүшелерінің қызметін бақылауды қабылдау комиссиясының төрағасы жүзеге асырады..
6. Академия ректорының ішкі бұйрығы негізінде апелляциялық комиссияның құрамына осы сала бойынша жетекші ғылым кандидаты және (немесе) ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар доценттер, профессорлар енгізіледі.

2. Апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастыру

7. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы немесе шығармашылық емтихан тапсырған тұлға жеке өзі береді, арнайы немесе шығармашылық емтиханның нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні


	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-11.02-2023
		30.11.2023 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Бет 3-5





сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

8. Апелляциялық комиссия әрбір өтініш берушімен жеке жұмыс істейді.
9. Апелляциялық комиссия өтінішті бір күн ішінде қарағаннан кейін хаттама жасайды және талапкерге оның емтихан нәтижелері туралы жазбаша түсініктеме береді.

3. Апелляциялық комиссияның құқықтары

10. Өтініш беруші апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляциялық өтінішін қарамайды.
11. Шешімді тек өтініш беруші шағымдануға берген тапсырма бойынша шығарады. Апелляцияға берілмеген тапсырмаларды қарауға тыйым салынады.
12. Талапкерлердің емтихан құжаттары қайтарылмайды.
13. Басқа талапкерлердің жұмысы салыстырылмайды.
14. Апелляцияға берілген жұмысты (өтініш берушілердің ата-аналарынан басқа) талқылауға бөгде адамдарға рұқсат етілмейді.
15. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспеушілік туралы апелляциялық шағым бойынша шешім қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.
16. Осы Ереже тек шығармашылық емтихандарға қолданылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-11.02-2023
		30.11.2023 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Бет 4-5

Әзірленді:		
Бакалавриат бойынша қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы		Токеева А.Д.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Заң бөлімінің басшысы		Сеитбекова Г.Д.
Стратегиялық жоспарлау және СМЖ бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П 017-11.02-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 5-5

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Т.А.Ж.	Қызметі	Күні	Қолы
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				
16				
17				
18				
19				
20				